

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ



РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ
ПО АЛМАТИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

2019 жылғы "04" 05

"04" 05 2019 года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Жанама ауылы

2 - дана

I. Кіріспе бөлік

Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Алакөл ауданының Жанама ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан былай – Мекеме). Алматы облысы Әділет департаментінің Алакөл ауданының Әділет басқармасы Заңды тұлғаны 2013 жылдың 05 сәуірінде тіркеуден өткізген. Бизнес сәйкестендіру нөмірі 130340009971. Банктік сәйкестендіру коды ККМFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ08070106KSN0915080. Мекеменің коды 1241136.

Мекеменің орналасқан жері: Алматы облысы, Алакөл ауданы, Жанама ауылы, Ақбаев көшесі 11 үй.

Аудиторлық іс-шараның атауы: Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Мемлекеттік аудиттің мәні: 001 «Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»; 008 «Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру»; 009 «Санитарлық тазалық қызметтері»; 011 «Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру»; 013 «Автокөлік жолдарының жұмыстарына қамтамасыз ету»; 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру». Жалпы көлемі – 34 660,2 мың теңге.

Аудиттің типі, тексерудің түрі: Сәйкестік аудиті.

Мемлекеттік аудит тобының құрамы: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бөлім басшысы - мемлекеттік аудитору Есенаманов Куаныш Бекмуратович, мемлекеттік аудитор сертификатының нөмірі: №0194 2016 жылғы 05 желтоқсанда берілген.

ЖАНАМА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

Кіріс № 43. 1

04 05 2019

Көшірмесі сақталып, қолдануға жарамсыз. Снятие копии запрещается.

007706

Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма: 2019 жылғы «18» сәуірдегі №02-16/6.17–126–Т аудиторлық іс–шара жүргізуге тапсырма.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 30 сәуірінен бастап 04 мамырын қоса алған аралығы.

Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: 2019 жылғы 18 сәуірдегі «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы» № 02-13/621 хабарламасы беріле отырып, «Алақөл ауданының Жанама ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Турысбек Сембаевич Байзаковтың рұқсатымен, мекеменің бас маман (есепші) Нурзат Еркинович Садыковтың қатысуымен аудит жүргізілді.

Аудит ауқымында 2013 жылдың 8 тамызынан осы уақытқа дейін бірінші қол қою құқығы округ әкімі Т.Байзаковта, екінші қол қою құқығы 2017 жылдың қаңтарынан 2019 жылдың 23 қаңтарына дейін бас маман (есепші) Айнұр Абдыхадырқызы Орайхановада болған, 2019 жылдың 23 қаңтарынан осы уақытқа дейін бас маман (есепші) Нурзат Еркинович Садыковта.

Үстем тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: _____

Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман-мемлекеттік аудиторуы Ғ.Қазақбековпен 2015 жылдың 01 сәуірінен бастап 2016 жылдың 31 желтоқсанын қоса алған кезеңді қамтып, Жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануына аудит жүргізген. Бақылаумен, іс сапар шығыны сомасы 10,3 мың теңге негізсіз төленгендігі анықталды, анықталған кемшіліктер тиісті тұлғалардан өндіріліп, жергілікті бюджет кірісіне қайтарылған. Аудит есебі 2017 жылдың 13 наурызында жазылған. Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтары бар Аудиторлық қорытындылары (нұсқамалары) жоқ.

II. Негізгі бөлік

Аудит бағдарламасын ашып жазу:

Жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі:

№1 Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Мәнділік - аудиторлық тәуекел деңгейлері, іріктеу параметрлері, көлемі және әдістерін нақтылау арқылы анықталған мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін

мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлемі.

Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

б) елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

в) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру;

г) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.


Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.

2017 жыл:

001 «Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 16301,2 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, Жылдық қаржыландыру сомасы 16301,2 мың теңгені құраған.

013 «Автокөлік жолдарының жұмыстарына қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 301,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, Жылдық қаржыландыру сомасы 301,1 мың теңгені құраған.



022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 200,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, Жылдық қаржыландыру сомасы 200,0 мың теңгені құраған.

Жыл соңындағы мекеменің қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаражатының сомасы 16802,2 мың теңге 100% игерілген.

2018 жыл:

001 «Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 15875,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, жылдық қаржыландыру сомасы 15875,0 мың теңгені құраған.

008 «Елді мекендердің көшелерін жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 665,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, жылдық қаржыландыру сомасы 665,0 мың теңгені құраған.

009 «Санитарлық тазалық қызметтері» бағдарламасы бойынша 143,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, жылдық қаржыландыру сомасы 143,0 мың теңгені құраған.

011 «Елді мекендерді көгалдандыру және абаттандыру» бағдарламасы бойынша 371,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, жылдық қаржыландыру сомасы 371,0 мың теңгені құраған.

013 «Автокөлік жолдарының жұмыстарына қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 304,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, Жылдық қаржыландыру сомасы 304,0 мың теңгені құраған.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 500,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланған, Жылдық қаржыландыру сомасы 500,0 мың теңгені құраған.

Жыл соңындағы мекеменің қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаражатының сомасы 17858,0 мың теңге 100% игерілген.

Кезекті қаржы жылына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстар бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттың шешімдеріне және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланған. Қаржыландырудың жеке жоспары мекеме басшысымен бекітіліп, мемлекеттік мекеменің елтаңбалық мөр бедерімен куәландырылған.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі» талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір

мәселелерінің» бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сай бағытталынған. (1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №4 қосымшада қоса тіркелді).

Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 4 – қосымша, 1 парақта).

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

Мекеме және жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған. Тауар уақытылы жеткізілген, қызметтер толық көрсетілген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне» сәйкес жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ.

Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Қасалық операциялар жүргізілмеген.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

2017 жылы «Алакөл ауданының Жанама ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесіне сәйкес мекемеде 6 мемлекеттік қызметкер 587,1 мың теңге айлық еңбекақы қорымен және 6 азаматтық қызметкер 267,7 мың теңге айлық еңбекақы қорымен жұмыс атқарған.

2018 жылы «Алакөл ауданының Жанама ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық кестесіне сәйкес мекемеде 6 мемлекеттік қызметкер 592,1 мың теңге айлық еңбекақы қорымен және 6 азаматтық қызметкер 264,6 мың теңге айлық еңбекақы қорымен жұмыс атқарған.

Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы №1284 Жарлығына сәйкес, «Б» корпусы бойынша қызметкерлердің лауазымдарының тізіліміне сәйкес анықталған категориясы бойынша мемлекеттік қызметте атқарған жұмыс өтілі бойынша белгіленген коэффициенттері Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақыға көбейту негізінде айқындау арқылы есептелініп, төленген.

Азаматтық қызметкерлердің айлық еңбекақыларын есептеу және төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған. Азаматтық қызметшілердің еңбекақыларын есептеуде қызметкерлерінің лауазымдық ақылары (тарифтік мөлшерлемесі) атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне, тағайындалған біліктілік разрядтарына (жұмысшылар үшін) қарай есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында белгіленген базалық лауазымдық ақы (БЛА) мөлшеріне көбейту жолымен айқындалған.

Аудит барысында еңбекақы, сыйақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төленуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, босатылғаны, еңбек демалысы туралы бұйрықтары қаралды. Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларына» және 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V

ҚРЗ «Еңбек кодексі» сәйкес есептелген. Еңбекке жарамсыздық парағы 28.12.2015 жылғы №1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп төленген.

2018 жылы:

001 «Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 112 Қосымша ақшалай төлемдер ерекшелігінен 374,7 мың теңге еңбекақыға үстеме және қосымша ақылар есептеліп, төленген.

Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 «Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға арналған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысының талаптары басшылыққа алынған.

Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 2017 жылы 573,2 мың теңге қаражат қаралған. 2018 жылы іс-сапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 338,5 мың теңге қаралған.

Аудитпен қамтылған мерзім аралығында іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйегіндегі №1428 «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысына сәйкес жүргізіліп іс сапар шығындары жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген.

Іс сапарға қаражаттарды пайдаланудың негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 Қаулысына сай мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған алаңдар нормалары сақталған. «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген. Мекеменің теңгерімінде мемлекеттік тіркеу нөмірі B214VV05 Лада 21214/Lada21214 автокөлігі бар.

Қызметтік автокөліктерді пайдалану шығындары, жанар-жағар май шығындары, қосалқы бөлшектерге арналған шығындар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «Жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес негізделіп есептеліп шығысталған, қосалқы бөлшектерге арналған шығыстар ақаулық актілердің негізінде есептен шығарылған.

Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағадарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, шарттарды жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998ж. №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының 01.07.1999 жылғы № 409 «Азаматтық кодексіне» сәйкес жүзеге асырылған. Коммуналдық қызметтер бойынша «Қазақтелеком» АҚ филиалымен және «ЖетісуЭнергоТрейд» ЖШС – мен жасалған шарттар қазынашылықта тіркелген және көрсетілген қызметтеріне сәйкес ай сайынғы ұсынылған шот-фактуралар негізінде төленіп отырған.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағадарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен

толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған. Мекеменің 2017 және 2018 жылдарының қорытындысы бойынша тапсырылған қаржылық есептілігіне (баланс) сәйкес дебиторлық қарыз және кредиторлық қарыз орын алмаған.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігін тексеру.

2017 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша, 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» бойынша 200,0 мың теңгеге 3 келісім шарт жасалған, оның ішінде: ҚР Елтаңбаны алуға 145,0 мың теңгеге 1 келісім шарт, 1 келісім шарт 45,0 мың теңгеге ҚР Туы, 1 келісім шарт 10,0 мың теңгеге арнайы карталарды оқу құралы сатып алуға келісім шарттар жасалған.

2018 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша, 414 ерекшелік «Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құралдарын сатып алу» бойынша 500,0 мың теңгеге 3 келісім шарт жасалған, оның ішінде: 160,0 мың теңгеге 2 көп функциялды құрылымы принтер, 180,0 мың теңгеге компьютер құрылғысы, 160,0 мың теңгеге ноутбук алынған. Келісім шарттардың талаптары толық орындалған, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдары уақытылы және толық жеткізілген.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігін тексеру;

2017 жылы 013 «Автокөлік жолдарының жұмыстарына қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 301,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 301,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Алакөл жолдары» ЖШС арасында «Жанама ауылдық округінің көшелерін қардан тазалау» жұмыстары бойынша 2017

жылдың 15 ақпанында 301,0 мың теңгені құрайтын №10 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

2018 жылы 013 «Автокөлік жолдарының жұмыстарына қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 304,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 304,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Алакөл жолдары» ЖШС арасында «Жанама ауылдық округінің көшелерін қардан тазалау» жұмыстары бойынша 2018 жылдың 16 ақпанында 304,0 мың теңгені құрайтын №1 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

б) елді мекенді көшелерін жарықтандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

2018 жылы 008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасы бойынша 665,0 мың теңге жоспарланған, нақты шығысталғаны 665,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

151 «Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Жетісу Энерготрейд» ЖШС арасында 2018 жылдың 3 қаңтардағы №153289 келісім-шарты 665,0 мың теңгеге жасалған. Келісім шарттың 1 қосымшасына сәйкес электр энергиясын жеткізу туралы алдын ала өтінім бойынша, есеп шот-фактурасы негізінде аталған қызмет жеткізіліп, аталған жұмыстар орындалған.

в) елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарды тексеру;

2018 жылы 011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша 371,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 371,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген. Оның ішінде:

149 «Өзге де заттар сатып алу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Мукубаева» ЖК арасында «Шаруа заттарын» сатып алуға 2018 жылдың 23 сәуірінде 210,0 мың теңгені құрайтын №1 келісім шарты жасалған.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «ЧингисИнк» ЖШС арасында «Билборд дайындау жұмыстары» қызметі бойынша 2018 жылдың 24 сәуірінде 161,0 мың теңгені құрайтын №30 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

г) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету;

2018 жылға 009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша 143,0 жоспарланған, нақты шығысталғаны 143,0 мың теңге болып, немесе 100 пайызға игерілген, оның ішінде:

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Тапсырыс беруші мен «Жунусова Н.Б.» ЖК арасында «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге» 2018 жылдың 5 мамырында 143,0 мың теңгені құрайтын №1 келісім шарты жасалып, аталған жұмыстар орындаған туралы актілермен төленген.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан

Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. (Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша қаралған құжаттар тізбесі қоса тіркелді. Аудиторлық есепке 8 – қосымша, 1 парақта).

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында өзге сұрақтар туындаған жоқ.

III. Қорытынды бөлік

Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшарттарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

Аудит бағдарламасында көрсетілген 10 сұрақтың нәтижесі бойынша аудит жүргізілді. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды.

Жүргізілген аудиторлық іс-шара нәтижесі бойынша мемлекеттік мекемеде аудит мақсатына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарынан ауытқуы және мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес ең жоғары жол берілетін мөлшері айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателердің көлеміне, ал мекеменің қазіргі лауазымды тұлғаларының заң бұзушылықтарға жол бермеуіне жауапкершілік алуларын, бюджетке келтірген нұқсанның аудитпен қамтылған қаражат көлеміне шаққанда пайыздық мөлшері аз екенін ескере отырып, қанағаттанарлық деңгейде деген пікір ұсынылады.

Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Аудит барысында қабылданған шаралар болмады.

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап, Ұсыным №1 қосымшасы (3-парақта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (4-парақта);
- 3) Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы туралы апта сайынғы есеп №3 қосымша (1-парақта);
- 4) Аудитпен қамтылған активтердің орындалуы бойынша ақпарат аудиторлық есепке қосымша 1-ші кесте №4 қосымша (2-парақта);
- 5) Аудит объектісінің құрылтай құжаттары №5 қосымша (11-парақта);

- 6) Бақылау өлшемі №6 қосымшасы (1-парақта);
- 7) Бұйрық, куәлік көшірмелері №7 қосымшасында (5-парақта)
- 8) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар №8 қосымшасы (1-парақта);

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бөлім басшысы – мемлекеттік аудитор

Қ.Есенаманов

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі дана жасалды, (бірінші дана «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне № 007705 бланкте, екінші дана «Алакөл ауданының Жанама ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне № 007706 бланкте).

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ
2 ДАНА